



«Павлодар педагогикалық  
университеті» КеАҚ директорлар  
кенесінің шешімімен бекітілген  
2020 жылғы 08 қазандағы №1  
хаттама (2023 жылғы 04  
мамырдағы №1 хаттама  
өзгерістерімен қоса)

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы-ректорды  
іріктеу мен тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау Тәртібі

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы-ректорды іріктеу мен тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және басқарма төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау), басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды, басқарма мүшелерін сайлау рәсімін айқындауды.

## 2. Басқарма төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) тәртібі

1. Басқарма төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) Қоғамның Жалғыз акционері (бұдан әрі – уәкілетті орган) ретінде тиісті саланың уәкілетті органының ерекше құзыретіне жатады.

Басқарма тәрағасы-ректорды сайлау (тагайындау) ашық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мыналай кезендерлі камтилы:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
  - конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
  - басқарма тәрағасы-ректор лауазымына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
  - құжаттарды тапсырған тұлғаларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдау;
  - басқарма тәрағасы-ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын директорлар кеңесінің отырысында қарau;
  - Республикалық комиссия отырысында басқарма тәрағасы-ректор лауазымына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарau;
  - Жалғыз акционер ретінде уәкілетті органмен басқарма тәрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдау.

2. Басқарма төрағасы - ректөр лауазымына конкурс өткізу туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі оны өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындаиды.

3. 1-қосымшага сәйкес Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына арналған конкурсы өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ

уәкілетті органның интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

4. Басқарма тәрағасы - ректор лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімнің болуы;
- 2) білім беру үйымдарында және (немесе) тиісті саладағы уәкілетті органдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

5. Конкурсқа осы тәртіппен көзделген талаптарға сәйкес келетін шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдіруші қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылады:

- 1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 өлшемді түрлі-түсті фотосуреті бар, конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) жоғары оку орнының даму бағдарламасы;
- 5) салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылуымен қоса, білімі туралы құжаттардың және олардың қосымшаларының көшірмесі:

- Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру үйымдарында алынған білім туралы құжаттардың көшірмесіне шетелдік жоғары оку орындарымен, ғылыми орталықтарымен және зертханаларымен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, білім беру саласының уәкілетті органымен берілген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификаттау туралы куәліктерінің көшірмесі қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмесіне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша окуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмесіне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмесі қоса беріледі;

1) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) құжаттарды ұсыну күніне дейін алты айдан асырмай берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 086/u нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды);

3) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының психоневрологиялық ұйымда есепте тұрмадандығы жөнінде анықтама;

4) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының наркологиялық ұйымда есепте тұрмадандығы жөнінде анықтама;

5) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың болмауын



растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда қызмет алатын конкурсқа қатысушылар 7, 8 және 9-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру туралы құжаттардың көшірмесі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға осы тәртіптің 2.6-тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ жоғары оқу орнының даму бағдарламасын (бұдан әрі – даму бағдарламасы) осы тәртіптің 2.3-тармағында айқындалған мерзім ішінде уәкілетті органға ұсынады.

6. Құжаттарын тапсырган тұлғаларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімді уәкілетті орган құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды. Барлық құжатпен қоса, конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі уәкілетті органмен директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына жіберіледі.

7. Конкурсқа қатысуға мынадай тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

7. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттары, сондай-ақ кандидаттармен ұсынылған даму бағдарламалары директорлар кеңесінің отырысында жеті жұмыс күні ішінде қаралады.

Кандидаттың директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

8. Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференц-байланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуі қамтамасыз етеді, отырыс барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейнеконференц-байланыс электрондық жеткізгіште сақталуын қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беруді бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүргізуі қамтамасыз етеді.

5) басқарма тәрағасы - ректор лауазымына директорлар кеңесі ұсынған кандидаттардың тізімін қалыптастырады және оны республикалық комиссия отырысында қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

9. Директорлар кеңесінің отырысы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде заңды болып саналады.

Кандидаттың директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

10. Басқарма тәрағасы-ректор лауазымына конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференц-байланыс режимінде (бұдан әрі – БКБ) өткізуге жол беріледі.

11. Директорлар кеңесі жоғары оқу орнының даму бағдарламасын қаралғаннан кейін



жасырын дауыс беру және кемінде үштен екі дауыспен республикалық комиссияның қарауы үшін кандидатураны (кандидатураларды) анықтайды.

12. Басқарма төрағасы-ректор лауазымына арналған конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысы бейнеконференц-байланыс режимінде өткізілген жағдайда дауыс берудің құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалар/қосымшалар немесе өзге электронды тәсіл арқылы жүзеге асырылады.

13. Басқарма төрағасы-ректордың лауазымына арналған конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау нәтижесі бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда директорлар кеңесі республикалық комиссияның қарауына беру үшін ұсынылған кандидатуралардың тізімін қалыптастырады.

14. Егер директорлар кеңесінің қарауына осы тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін кемінде екі кандидаттың құжаттары ұсынылса немесе құжаттары (конкурстық өтінімдер) ұсынылмаса немесе кандидаттар ұсынылмаган болса, директорлар кеңесімен конкурс өткізілмеген деп танылады және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылданады.

15. Директорлар кеңесінің хаттамалық шешімі барлық құжатпен қоса, республикалық комиссияға беріледі.

16. Республикалық комиссияның құрамы уәкілетті органмен анықталады.

17. Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және 30 күнтізбелік күн ішінде конкурс қатысушыларымен әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидат айқындалады.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу іс-шаралары іске асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда республикалық комиссия басқарма төрағасы-ректордың лауазымына сайлау жөніндегі конкурсты онлайн режимде жүзеге асырады. Республикалық комиссия ашық дауыс беруден кейін кандидаттарды конкурс нәтижесі туралы хабардар етеді.

Кандидаттың жоғары оқу орындарында және/немесе білім беру басқармасының органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі басқа да тен жағдайлар кезінде Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидатты ұсыну үшін басым негіздеме болып табылады.

18. Егер әңгімелесу нәтижесінде республикалық комиссиямен басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидат анықталмаса, бұл жағдайда директорлар кеңесімен конкурс өткізілмеген деп танылады және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылданады.

Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурстық комиссияның материалдары, конкурс қатысушыларының құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары уәкілетті органның кадр қызметінде сақталады.

19. Республикалық комиссияның шешімі басқарма төрағасы-ректорды тағайындау үшін негіздеме болып табылады.

Республикалық комиссиямен қабылданған басқарма төрағасы-ректордың кандидатурасы бойынша оң шешім негізінде уәкілетті орган Жалғыз акционер ретінде басқарма төрағасы-ректорды тағайындау туралы бұйрық шыгарады және онымен еңбек шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалады.

20. Еңбек шарты үш жыл мерзімге жасалады. Қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе басқарма төрағасы-ректордың лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

21. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін басқарма төрағасы-ректордың атқаратын лауазымына сәйкесіздігі анықталған жағдайда



Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес Жалғыз акционермен шарт бұзылады.

### **3. Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды тағайындау**

1. Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды тағайындау Жалғыз акционер ретінде уәкілдегі органның ерекше құзыretіне жатады.

2. Жалғыз акционер басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ оның тәртіптік жауаптылығы туралы мәселелерді қарау тәртібін дербес айқындауды.

3. Басқарма төрағасы - ректор Жалғыз акционермен қабылданған он шешім негізінде басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды тағайындау туралы бұйрық шығарады және онымен еңбек шартын жасасады.

4. Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен еңбек шарты Жалғыз акционер айқындаған мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе бұзылады.

5. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректордың атқаратын лауазымына сәйкесіздігі анықталған жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

### **4. Басқарма мүшелерін (басқарма төрағасы-ректор мен басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) сайлау тәртібі**

1. Қоғамның басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау және басқарма мүшелерін сайлау (басқарма төрағасы-ректорды және басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жауапкершілікке тарту директорлар кеңесінің ерекше құзыretіне жатады.

2. Басқарма мүшелерін (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) сайлау ашық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) арқылы жүзеге асырылады және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау;
- басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткер кандидаттардың құжаттарын қарау, әңгімелесу өткізу және директорлар кеңесінің отырысында сайлау туралы шешім қабылдау.

3. Директорлар кеңесі өз отырысында Қоғамның басқарма мүшелерінің сандық құрамын айқындауды және басқарма мүшелерінің лауазымдарына конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды, оны өткізудің шарттарын, күнін және орнын айқындауды.

4. Қоғамның басқарма мүшелері лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

5. Басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі



талаптар:

- 1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- 2) білім беру үйымдарында және (немесе) тиісті саладағы уәкілетті органдарда басшылықлауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

6. Конкурсқа осы тәргіппен көзделген талаптарға сәйкес келетін шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдіруші қатысады.

7. Конкурсқа қатысу үшін корпоративтік хатшыға қағаз және электрондық тасығышта мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша 3x4 өлшемді түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
- 4) салыстыру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмесі;

- Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру үйымдарында алынған білім туралы құжаттардың көшірмесіне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен және зертханаларымен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, білім беру саласының уәкілетті органымен берілген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификаттау туралы куәліктерінің көшірмесі қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмесіне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша окуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмесіне білім беру саласындағы уәкілетті органымен берілген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмесі қоса беріледі;

1) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) құжаттарды ұсыну күніне дейін алты айдан асырмай берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 086/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды);

3) мемлекеттік қызмет туралы заңнамага сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының психоневрологиялық үйымда есепте тұрмағандығы жөнінде анықтама;

4) мемлекеттік қызмет туралы заңнамага сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының наркологиялық үйымда есепте тұрмағандығы жөнінде анықтама;

5) қылмыстық заңнамага сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың болмауын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда қызмет алғатын конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген



құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру туралы құжаттардың көшірмесі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар осы тәртіптің 4.7-тармағына сәйкес құжаттарды осы тәртіптің 4.4-тармағында айқындалған мерзім ішінде корпоративтік хатшыға ұсынады.

8. Конкурсқа қатысуға мынадай тұлғалар жіберілмейді:

- 1) жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар;
- 4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрған;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

9. Корпоративтік хатшы:

1) коммерциялық емес акционерлік қоғамның қаражаты есебінен конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) директорлар кеңесінің отырысында қарау үшін құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысын бейнеконференц-байланыс (қажет болған жағдайда) арқылы өткізуі қамтамасыз етеді, отырыс барысын бейнетіркеуді жүзеге асырады, бейнеконференцияның электрондық жеткізгіште сақталуын қамтамасыз етеді;

4) жасырын дауыс беруді бағдарламалар/қосымшалар арқылы немесе дауыс берудің құпиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де электрондық тәсілмен жүргізуі қамтамасыз етеді.

5) Қоғамның басқарма мүшелері (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымына директорлар кеңесімен сайланған кандидаттардың тізімін қалыптастырады.

Директорлар кеңесі құжаттарды осы тәртіптің 4.5-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды және жеті жұмыс күні ішінде басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткерлермен әңгімелесуді жүзеге асырады.

10. Директорлар кеңесінің отырысы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі отырысқа қатысқан кезде занды болып саналады.

Кандидаттардың директорлар кеңесінің отырысына қатысуы міндетті болып табылады.

11. Басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысын және олармен әңгімелесуді БКБ режимінде өткізуге жол беріледі.

12. Басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау жөніндегі директорлар кеңесінің отырысына кандидаттың қатысуы және БКБ арқылы онымен әңгімелесу өткізу мүмкін болмаған жағдайда әңгімелесу үш жұмыс күнінен асырылмай басқа күнге ауыстырылады, бұл ретте корпоративтік хатшы қайта әңгімелесуге дейін бір күн бұрын кандидатты хабардар етеді.

13. Директорлар кеңесі басқарма мүшелерінің (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) лауазымдарына үміткер тұлғалардың құжаттарын қарау және олармен әңгімелесу нәтижесі бойынша жасырын дауыс беру арқылы басқарма



мүшесінің лауазымына кандидатураны көпшілік дауыспен айқындауды.

Жоғары оку орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі басқа да тең жағдайларда басқарма мүшесі лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негізде болып табылады.

14. Егер директорлар кеңесінің қарауына осы тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкес келетін басқарма мүшесі лауазымына кемінде екі кандидаттың құжаттары ұсынылса немесе құжаттары (конкурстық өтінімдер) ұсынылмаса, кері қайтарып алынса немесе кандидаттар ұсынылмаған болса, директорлар кеңесімен конкурс өткізілмеген деп танылады және қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесінің оң қорытындысын алған конкурстық комиссияның материалдары, конкурс қатысуышыларының құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары корпоративтік хатшыда сақталады.

15. Әңгімелесу қорытындысы бойынша директорлар кеңесі басқарма мүшелерін (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорды қоспағанда) сайлау, олардың 3 жылдан аспайтын өкілеттік мерзімі туралы шешім қабылдайды.

16. Басқарма төрағасы-ректор директорлар кеңесінің қабылданған оң шешімі негізінде басқарма мүшелерін тағайындау туралы бұйрық шығарады және олармен еңбек шарттарын жасасады.

17. Басқарманың әрбір мүшесімен (басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректордан басқа) еңбек шарты директорлар кеңесімен белгіленген мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады немесе басқарма мүшесі лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады.

18. Еңбек шартында сынақ мерзімі белгіленеді. Сынақ мерзімі өткеннен кейін басқарма мүшесі атқаратын лауазымына сәйкес келмеген жағдайда, еңбек шарты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұзылады.

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесі 140000, Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 60-күрылым мекенжайында орналасқан «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы – ректордың бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оку орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамытуға және әзірлемелерді коммерцияландыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және сабак беру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысуышыларға қойылатын талаптар:

1) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің, ғылыми атағының (құптарлық) болуы;

2) кәсіби тәжірибесі кемінде 10 жыл, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

3) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыруды, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаттарын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, өскелен үрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік саясатты білу;

4) стратегиялық жоспарлау, бизнес-процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестициялар тарту дағдыларының болуы;



5) көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық бұзушылыққа тәзбеушілік;

6) қазақ және орыс, ағылшын (құптарлық) тілдерін менгеруі;

7) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласындағы біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың болуы.

Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың (куәліктердің) болуы құптарлық.

Конкурсқа қатысуға мынадай тұлғалар жіберілмейді:

1) жиырма бес жасқа толмаған;

2) бұрын сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар;

4) медициналық арнаулы мекемелерде есепте тұрған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттар ұсынады:

1) белгіленген нысан бойынша өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 өлшемді түрлі-түсті фотосуреті бар, конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;

4) жоғары оқу орнының даму бағдарламасы;

5) салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылуымен қоса, білімі туралы құжаттардың және олардың қосымшаларының көшірмесі:

- Қазақстан Республикасының азаматтарымен шетелдік білім беру үйымдарында алынған білім туралы құжаттардың көшірмесіне шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен және зертханаларымен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген, сондай-ақ өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына түсетін білім туралы құжаттарды қоспағанда, білім беру саласының уәкілетті органымен берілген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификаттау туралы куәліктерінің көшірмесі қоса беріледі;

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмесіне «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен берілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша окууды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі;

- өзара тану және баламалылық туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданысына жататын білім туралы құжаттардың көшірмесіне білім беру саласындағы уәкілетті органмен берілген осы білім туралы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмесі қоса беріледі;

6) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды ұсыну күніне дейін алты айдан асырмай берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес № 086/u нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды);

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының психоневрологиялық ұйымда есепте тұрмагандығы жөнінде анықтама;

9) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір



жылдан асырмай берілген конкурсқа қатысушының наркологиялық ұйымда есепте тұрмагандығы жөнінде анықтама;

10) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың болмауын растайтын құжат.

11) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент пен корпоративтік басқарудан біліктілікті арттыру жөніндегі сертификаттардың көшірмесі.

Конкурсқа қатысуға уміткер тұлғалар өздерінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру туралы құжаттардың көшірмесі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

Қоғамның даму бағдарламасының мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамның бекітілген құжаттарына және мемлекеттік мүдделер мен міндеттердің сақталуына (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) сәйкес Қоғам дамуының 5 жылға арналған негізгі бағыттары бойынша миссиясын, пайымын, қоғам дамуының құндылықтары мен перспективаларын;

2) Қоғамның бекітілген құжаттарын іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау (дамудың екі-үш басым бағытын (мақсаттарын) көрсету және олар бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу);

3) Қоғам алдында тұрган және (немесе) тап болуы мүмкін негізгі сын-қатерлер және оларды шешу бойынша ұсыныстар (өткен кезеңдегі стратегияны іске асыруды талдау, проблемалар, шешімдердің сабактастығы);

4) конкурсқа қатысушы ұсынатын Қоғамның даму бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер мен жетістіктер.

Қоғамның даму бағдарламасы таныстырылым түрінде ресімделуі керек, оның көлемі PowerPoint форматында 10 слайдтан аспауы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оку орынан кейінгі білім комитетіне мына мекенжай бойынша ұсыну қажет: Мәңгілік ел көшесі, 8, 11-кіреберіс Министрліктер үйі, 643-каб., телефон: 8 (7172) 74-27-25, 74-20-38, 74-19-16, 74-24-26.



(уәкілетті орган)

Өтініш

басқарма төрағасы-  
ректордың бос лауазымына орналасуга конкурсқа қатысуыма рұқсат беруіңізді сүраймын.  
Басқарма Төрағасы-ректорды іріктеу және лауазымына тағайындау тәртібінің негізгі  
тапташтырылған таныстым, келісемін және оларды орындауда міндеттенемін.  
Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жсауап беремін.

Коса беріліп отырган құжаттар:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Мекенжайы мен байланыс телефоны \_\_\_\_\_

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« \_\_\_\_ » 20 \_\_ жс.



**Білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың қызметтік тізімі/ послужной список**

**кандидата на должность первого руководителя организации образования**  
тегі, аты және экесінің аты (болгар жағдайда) / фамилия, имя, отчество (при наличии)  
лауазымы/должность, санаты/категория  
(болгар жағдайда/при наличии)

**ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР /ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ**

1. Туган күні және жері/

Дата и место рождения

2. Ұлты (қалауды бойынша)/ Национальность (по жителю)

3. Оқу орнын бітірген жылды және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения

4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәреңесі, ғылыми атагы (болгар жағдайда) / Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)

5. Шетел тілдерін білуі/

Владение иностранными языками

6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болгар жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)

7. Дипломатиялық дәреңесі, ескери, арнайы атақтары, сыныптың шені (болгар жағдайда) / Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)

8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болгар жағдайда) / Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)

9. Соңғы уш жылдардың қызметтінің тиімділігін жыл сайындың багалау күні мен нәтижесі, егер уш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/

Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, по результатам аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании»

10. ЕҢБЕКЖОЛЫ/ТРУДОВАЯДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации қабылданған/приема босатылған/увольнения

Кандидаттың қолы/ Подпись кандидата  
күні/дата

ФОТО  
(түрлі түсті/  
цветное 3x4)

